

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 7 ақпан N 169. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2541 Жарлығына сәйкес заңдарда белгіленген тәртіппен кәсіпорындардың банкроттығының алдын алу, төлем жасау қабілеті жоқ дәрменсіз кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік (Бұдан әрі - Агенттік), ауыл шаруашылығы мен банк саласынан басқа, мүлкінде Қазақстан Республикасының үлесі (салымы) бар мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ заңды тұлғаларға қатысты (бұдан әрі - кәсіпорын) қайта ұйымдастыру және тарату процедураларын өткізумен байланысты мәселелерді шешу кезінде, мемлекеттің атынан меншік иесінің мүдделерін бекітеді.

2. Агенттікке мынадай функциялар жүктелсін:

банкроттық туралы қолданылып жүрген заңдар шеңберінде төлем жасауға қабілеті жоқ (дәрменсіз) кәсіпорындардың дәрменсіздігі мен банкроттығының алдын алу, сондай-ақ қайта ұйымдастыру процедуралары мен тарату жөніндегі шараларды жүзеге асыруда мемлекеттік саясат жүргізу;

дәрменсіз кәсіпорындардың қаржылық жай-күйі мен төлем жасау қабілетін бағалау;

Қазақстан Республикасының Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды сауықтыру және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құзырына кіретін мәселелер бойынша материалдарды жинау және әзірлеу;

қайта ұйымдастырылатын кәсіпорындарды қаржылай-экономикалық сауықтыруға мемлекеттік көздерден бөлінген қаржының пайдаланылуына және қаржы-экономикалық жай-күйінің өзгеруіне Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды сауықтыру және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссияның шешімдерінің орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру процедуралары және таратуды жүргізуге байланысты мәселелерді шешу кезінде мемлекеттің мүдделерін білдіру;

дәрменсіздік пен банкроттық белгілері бар кәсіпорындарға көмек ұйымдастыру ;

төлем жасау қабілеті жоқ (дәрменсіз) кәсіпорындарды тарату жөніндегі қайта ұйымдастыру процедуралары жоспарларын мемлекеттік басқару органдарымен келісу және дайындау ;

төлем жасау қабілеті жоқ (дәрменсіз) кәсіпорындарға қаржы және экономикалық жай-күйін бағалау жөнінде консультациялық көмек және бизнес жоспарларын жасау жөнінде әдістемелік көмек көрсету;

қайта ұйымдастыру процедураларын қаржыландыруға қатысу үшін отандық және шетелдік инвесторларды тарту жөніндегі шараларды ұйымдастыру;

банкроттық туралы заңдық нормаларды қолданудан туындайтын процестерді жүзеге асыру мақсатында нормативтік және әдістемелік база жасау жөнінде жұмысты ұйымдастыру .

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының өкімімен оның орынбасарларының бірі Агенттіктің директоры болып тағайындалатыны қарастырылсын.

4. Төлем жасау қабілеті жоқ кәсіпорынға консультация беру жөніндегі республикалық орталық Агенттіктің құрылымдық бөлімшесі болып табылады деп белгіленсін .

5. Агенттіктің құрылымы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

6. Агенттіктің орталық аппараты қызметкерлерінің штаттық саны 40 адам болып және 2 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппараты қызметкерлері үшін қарастырылған еңбекақы, материалдық қамтамасыз ету және медициналық қызмет көрсету жағдайлары Агенттіктің орталық аппараты қызметкерлеріне қолданылсын.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттік басқару органдарын ұстауға арналған республикалық бюджет қаржысы есебінен агенттік аппаратын ұстауға қажетті қаражат бөлуді қарастырсын.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Көлік және коммуникациялар министрлігі, Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Агенттікті ұйымдастыру техникасымен, жиһазбен, үкіметтік қалааралық телефон және факсимилие байланысымен, компьютер және көбейту техникасымен қажетті мөлшерде қамтамасыз ету мәселелерін шешсін.

11. Агенттік өзіне жүктелген функцияларды орындау үшін ақпарат материалдарымен Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті тегін қамтамасыз етілетін мекемелер тізбесіне е н г і з і л с і н .

12. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Агенттік қызметкерлерін орналастыру үшін қызметтік үй - ж а й л а р б ө л с і н .

13. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанынан Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі Агенттік құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 29 сәуірдегі N 604 (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 16, 182-бап) қаулысы;

"Төлем жасауға қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация беру жөніндегі республикалық орталықты құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 7 желтоқсандағы N 1685 (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 37, 481-бап) қаулысы.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1996 жылғы
7 ақпандағы
N 169 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару
жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы
Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік (бұдан әрі - Агенттік) өз қызметін заңда белгіленген тәртіппен төлем жасауға қабілеті жоқ (дәрменсіз) болып танылған кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату, кәсіпорындардың дәрменсіздігі мен банкроттығының алдын алуға бағытталған мемлекеттік саясат жүргізу мақсатында жүзеге асырады .

2. Агенттік ауыл шаруашылығы және банк саласынан басқа мүлкінде Қазақстан Республикасының үлесі (салымы) бар мемлекеттік кәсіпорындардың, сондай-ақ мемлекеттік емес заңды тұлғаларға қатысты (бұдан әрі - кәсіпорындар) дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік

атынан меншік иесінің мүдделерін білдіретін мемлекеттік орган болып табылады

3. Агенттік өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен өкімдерін, Үкіметтің қаулылары мен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдерін, Қазақстан Республикасының Дәрменсіз кәсіпорындарды сауықтыру және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының шешімдерін, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің нормативтік актілерін, сондай-ақ осы Е р е ж е н і б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

II. Агенттіктің міндеттері мен функциялары

4. Мыналар Агенттіктің негізгі міндеттері болып табылады:
кәсіпорындардың дәрменсіздігінің алдын алу және банкроттық туралы заңдарды жүзеге асыру жөнінде мемлекеттік саясат жүргізу;
республиканың төлем жасау қабілеті жоқ (дәрменсіз) кәсіпорындары туралы ақпарат жинау және қорытындылау, оларды есепке алу және мониторингті, олардың қаржы-экономикалық жай-күйін талдау, қайта ұйымдастыру процедураларының, жекешелендіру мен таратудың нысандары, әдістері мен бағыттары жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

Қазақстан Республикасының Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды сауықтыру және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құзырына кіретін мәселелер бойынша материалдар жинау және дайындау;

Қазақстан Республикасының Дәрменсіз кәсіпорындарын сауықтыру және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының қайта ұйымдастырылатын кәсіпорындарды қаржы-экономикалық сауықтыруға мемлекеттік көздерден бөлінетін қаржының пайдаланылуына және қаржы-экономикалық жай-күйінің өзгеруі туралы шешімдердің орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

өндірісті жандандыру және кәсіпорынды сауықтыру туралы шешімдер қабылдаумен байланысты мәселелерді шешу кезінде мемлекеттің мүдделерін б і л д і р у ;

төлем жасау қабілеті жоқ (дәрменсіз) кәсіпорындарға қаржы және экономикалық жай-күйін бағалау жөнінде консультациялық көмек көрсету;

қайта ұйымдастыру процедуралары жоспарларын мемлекеттік басқару органдарымен келісу және дайындау;

қайта ұйымдастыру процедураларын қаржыландыруға қатысу үшін отандық және шетелдік инвесторларды тарту жөнінде шаралар ұйымдастыру;

банкроттық туралы заңдарды қолданудан туындайтын процестерді жүзеге

асыру мақсатында нормативтік және әдістемелік база жасау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ;

5. Негізгі міндеттерді басшылыққа алып Агенттік:

кәсіпорындардың дәрменсіздігін (банкроттығын) алдын алуға бағытталған мемлекеттік саясаттың жүргізілуін қамтамасыз етеді;

дәрменсіз кәсіпорындарға қатысты қайта ұйымдастыру процедураларын жүргізу жөнінде шараларды әзірлеп, жүзеге асырады;

осы кәсіпорындарға қолданылатын қайта ұйымдастыру процедураларында мүлік иесінің қатысуы қарастырылса, дәрменсіз борышкер кәсіпорынның меншік иесінің өкілетті өкілі ретінде көрінеді;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен, басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп дәрменсіздік (банкроттық) белгілері бар кәсіпорындар туралы ақпарат жинайды және қорытындылайды, Агенттіктің өзі немесе басқа да мамандандырылған мекемелер арқылы оларды тарату, жекешелендіру және сауықтыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

төлем жасау қабілеті жоқ кәсіпорындарды есепке алуды жүргізеді;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды сауықтыру және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссиясына кәсіпорындардың дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы мәселелер бойынша қаулылар мен өкімдердің жобаларын әзірлеп, белгіленген тәртіппен енгізеді;

Қазақстан Республикасының Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды сауықтыру және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қарауына оның құзырына жатқызылған мәселелерді дайындау және енгізуді ұйымдастырады;

министрліктер, ведомстволар мен жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен кәсіпорындардың дәрменсіздігін (банкроттығын) алдын алуға бағытталған республикалық және аймақтық бағдарламаларды әзірлеп, орындалуын ұйымдастырады ;

кәсіпорындардың таратылуы нәтижесінде босаған қызметкерлерді әлеуметтік қорғау, қайта даярлау, жаңа жұмыс орындарын құру жөніндегі шараларды әзірлеуге қатысады ;

сенімді басқарушыларды дайындауды ұйымдастыруды жүзеге асыру; кәсіпорындарды қаржы-экономикалық сауықтыруды жүргізуге мемлекеттік көздерден қаржы бөлу және пайдалану жөніндегі ұсыныстарды тиісті органдарға енгізеді ;

Агенттік арқылы сауықтырылатын, кәсіпорындардың қайта ұйымдастырудың кешенді жоспарларын орындауына, сондай-ақ, олардың өз қаржысы мен оңалтуға бөлінген қаржы ресурстарының мақсатты пайдаланылуына бақылауды

ж ү з е г е

а с ы р а д ы ;

сауықтырылатын және қайта ұйымдастырылатын кәсіпорындардың жұмысына мониторинг жүргізеді, олардың қызметі тәжірибесін қорытындылап, оны жақсарту жөнінде тиісті ұсынымдар әзірлейді;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, басқа да мүдделі министрліктермен, ведомстволармен бірлесіп, сауықтыруды бастау туралы айқындама шығаруға соттарға көмек көрсету мақсатында сауықтыруға қатысушылардың ұсыныстарының тиімділігін бағалау әдістерін әзірлеу, принциптері, талаптарын қалыптастыру жөніндегі жұмысты жүргізеді;

банкроттық туралы іс қозғау туралы сотқа мәлімдемені осындай кәсіпорынның енгізуі туралы борышкер кәсіпорын үшін міндетті шешімді заңда белгіленген тәртіппен қабылдайды;

меншік иесінің атынан банкроттық, қайта ұйымдастыру процедураларын жүргізу туралы іс қозғау жөнінде сотқа мәлімдемемен өтініш жасайды;

борышкер кәсіпорындардың мүлкін сырттай басқару, оны сауықтыруды тағайындау туралы өтінішті сотқа енгізеді;

борышкер кәсіпорындардың мүлкін сырттай басқару немесе оны сауықтыруды тағайындау үшін негіз болып табылатын борышкер кәсіпорындардың төлем жасау қабілетін қалпына келтірудің нақты мүмкіндігі бар-жоғының қажетті белгілерін (шарттарын) заңда белгіленген тәртіппен а й қ ы н д а й д ы ;

борышкер кәсіпорынның мүлкін сырттай басқаруды жүргізу жоспары жөнінде сотқа қорытынды береді;

борышкер кәсіпорынның мүлкін сырттай басқаруды жүргізу жоспарын қайта қарау туралы осы кәсіпорынның мүлкін сырттай басқаруды жалғастыру немесе оны тоқтату және конкурстық іс ашу туралы сауықтырудың тиімсіз жүргізілуі немесе сауықтыруға қатысушылардың басқа да борышкер кәсіпорындардың меншік иесі ретінде Қазақстан Республикасының мүддесіне нұсқан тигізілуіне жол беретін іс-қимылдары туралы мәлімдемемен сотқа өтініш жасайды;

Кредиторлармен, дәрменсіз борышкермен (мүлік иесімен) уағдаластық бойынша борышкердің мүлкіне сырттай басқару тағайындайды, сенімді басқарушыны және сауықтыру жүргізуді тағайындайды;

олардың жиналысының шешімі білдіретін, кредиторлардың келісімімен, сенімді басқарушы тағайындау кезінде конкурс ұйымдастырудың шарттары мен т а л а п т а р ы н а й қ ы н д а й д ы ;

борышкер кәсіпорынды өз ықтиярымен тарату, тарату комиссиясын құру туралы шешімді заңда белгіленген тәртіппен қабылдайды;

борышкер кәсіпорынның активтерінің құнын бағалау жөніндегі жұмыстарды ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

борышкер кәсіпорынды сауықтыруды жүргізуге қатысуға тілек білдірген тұлғалар бойынша ұсыныстар және олар туралы деректерді сотқа береді;

борышкер кәсіпорынды сауықтыруды жүргізуге мемлекеттің (өкілетті органдар мен ұйымдар) қатысуы мен оны өткізу тәртібінің шарттарын белгілейді;

сауықтыруға қатысуға тілек білдірушілерге конкурс өткізудің шарттары мен талаптарын заңда белгіленген тәртіппен келіседі;

төлем жасау қабілеті жоқ (дәрменсіз) кәсіпорындарды қайта ұйымдастыруды немесе оларды таратуды жүргізу үшін бөлінген қаржыға иелік етеді;

кредит берушілер - мемлекеттік заңды тұлғалардың атынан, сондай-ақ белгіленген тәртіпті сақтай отырып, жарғылық қорында Қазақстан Республикасының үлесі (салымы) бар шаруашылық серіктестіктерінің атынан сенімхатсыз уәкілеттік берілген өкіл болады. <*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа абзацпен толықтырылсын - ҚРҰ-нің 1996.09.13. N 1113 қаулысымен.

III. Агенттік құқықтары

6. Агенттік мыналарға құқықты:

Министрліктер, ведомстволар, басқа да мемлекеттік басқару органдарынан, дәрменсіз кәсіпорынды сауықтыру және тарату жөніндегі облыстық комиссиялардан, жергілікті атқарушы органдардан, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақты комитеттерден, қаржылай оңалту жөніндегі арнайы мемлекеттік мекемелерден, сондай-ақ жарғы капиталында мемлекеттік үлестік қатысуы бар кәсіпорындар мен ұйымдардан оған жүктелетін міндеттерді орындау үшін қажетті қаржы және өзге де құжаттарды, ақпаратты сұрауға және тегін алуға ;

сараптамалар мен консультациялар жүргізу үшін министрліктер, ведомстволардың мамандарын тартуға, олардың ішінен кәсіпорынды қайта құрудың бағдарламалары мен кешенді жоспарларын жасау жөнінде жұмыс топтарын құруға ;

Агенттік арқылы сауықтырылатын кәсіпорындардың басшылығын қайта ұйымдастыру процедуралары кезеңінде қаржы тәртібін бұзған жағдайда ауыстыру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

заңды тұлғалармен және жеке адамдармен кәсіпорындарды қаржылық-экономикалық сауықтырудың кешенді бизнес жоспарларын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды және Агенттіктің құзырына кіретін басқа да мәселелерге байланысты жұмыстарды жүргізуге шарттар жасауға;

Агенттік арқылы сауықтырылатын кәсіпорынды қайта ұйымдастырудың кешенді жоспарларын жүзеге асыру жөніндегі шығындарды мемлекеттік көздерден қаржыландыру туралы ұсыныстар енгізуге;

қажетті дайындық пен аттестациядан өткен, тиісті білігі бар сенімді басқарушылардың кандидатураларын ұсынуға;

сенімді басқарушылармен шарттар жасауға;

кәсіпорында сауықтыру жөніндегі шарттың қағидаларын орындаған заңды тұлғалар мен жеке адамдарға бақылау акцияларының пакетінің бір бөлігін тегін беруге ;

оларды сауықтыру және сырттай басқару Агенттік арқылы жүргізілетін кәсіпорынға банктік қызмет көрсетуге банктермен шарттар, агенттік келісімдер жасауға ;

әдейі немесе жалған банкроттық жасау фактілері анықталған жағдайда кәсіпорынның басшысын лауазымынан алу туралы ұсыныстарды және құқық қорғау органдарына тиісті материалдарды беруге;

оның қарауына жатқызылған мәселелер бойынша орындалуы міндетті актілер шығаруға Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Агенттік актілерінің күшін жоя алады.

IV. Агенттікті басқару, оның қызметін қаржыландыру және бақылау

7. Агенттік өз функцияларын және оған берілген өкілеттіктерін тікелей немесе мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитетінің тиісті бөлімшелері арқылы жүзеге асырады.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының өкімімен оның орынбасарларының бірі Агенттіктің директоры болып тағайындалады.

9. Агенттік директоры :

Агенттіктің жұмысына басшылық етіп, Агенттікке жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына жеке жауап береді;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісілген құрылымға сәйкес Агенттік қызметкерлерінің саны мен еңбекақы қорын белгіленген шегінде бекітеді;

Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері туралы Ережені бекітеді, олардың басшыларын тағайындайды, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгіленген еңбекақы қоры шегінде үстем ақы, қосымша ақы, сыйлықтарды белгілейді;

Агенттік басшыларының міндеттер бөлісін және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

Қазақстан Республикасының Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды сауықтыру және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссияның хатшысы

болып табылады және оның жұмыс құжаттарын дайындауды қамтамасыз етеді;

Агенттіктің атынан іс-қимыл жасайды, сенімхатсыз оның мүдделерін білдіреді, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес оның мүлкі мен қаржысына иелік етеді, соның ішінде шетелдік ұйымдармен де шарттар жасайды, сенімхат береді.

10. Агенттік заңды тұлға болып табылады. Мөрі және заңды тұлғаның басқа да тиісті белгілері бар. Агенттіктің банк мекемелерінің бірінде шоты бар.

11. Агенттіктің мекен-жайы - Алматы қаласы.

12. Агенттіктің аппаратын ұстау, шығындарын қаржыландыру республиканың бюджеттік қаржысы есебінен жүргізіледі.

13. Агенттіктің қызметіне бақылауды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті және басқа да бақылау органдары олардың құзыреті шеңберінде жүзеге асырады.

14. Агенттікті қайта ұйымдастыру мен тарату қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 6 ж ы л ғ ы 7 а қ п а н д а ғ ы

№ 1 6 9 қ а у л ы с ы н а

қ о с ы м ш а

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттіктің ҚҰРЫЛЫМЫ

1 . Б а с ш ы л ы қ

2. Қаржы-экономикалық талдау басқармасы

3. Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру процедуралары және тарату басқармасы

4. Төлем жасау қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация беру жөніндегі орталық

5 . З а ң б ө л і м і

6. Ұйымдастыру-кадр жұмысы бөлімі

7. Қаржы-шаруашылық бөлімі